

**«ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ» АҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ**

Алматы, 2018

Мазмұны

1. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар 2
2. Жалпы ережелер 2
3. Іскерлік әдеп кодексінің мақсаттары мен міндеттері 2
4. Іскерлік әдеп кодексінің принциптері 2
5. Іскерлік қарым-қатынас этикасының нормалары 3

1. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Кодексте келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

- 1) Қор – «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ;
- 2) Кодекс – Қор қызметкерлерінің іскерлік әдеп кодексі;
- 3) Іскерлік әдеп – Қордың, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің өз қызметінде басшылыққа алатын іскерлік қарым-қатынастың этикалық қағидаттары мен нормаларының жиынтығы;
- 4) Қақтығыс – мақсаттары немесе оларды жүзеге асыру жолдары бір-біріне қайшы келетін адамдардың өзара әрекеттестігі;
- 5) Мүдделер қақтығысы – Қор қызметкерінің жеке мүддесі өз қызметтік міндеттерін әділ орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай;
- 6) Лауазымды тұлғалар – Қордың Басқарма төрағасы және мүшелері;
- 7) Қызметкер – Қормен еңбек шарттары негізінде еңбек қатынастарында тұрған жеке тұлға.

2. Жалпы ережелер

1. Кодекс Қордың қызметкерлермен, клиенттермен, іскер серіктестермен өзара қарым-қатынасындағы негізгі қағидаттарды, іскерлік қарым-қатынас пен мінез-құлық нормаларын айқындайды.

2. Осы Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іскерлік қарым-қатынас пен мінез-құлық нормаларын және ережелерін белгілейді, сондай-ақ жағымды имидж бен беделді қалыптастыруға бағытталған.

3. Іскерлік әдеп кодексінің мақсаттары мен міндеттері

3. Кодекстің мақсаты – корпоративтік басқару тиімділігін арттыруға бағытталған Қордың қарым-қатынастарын жетілдіру және реттеу, қызметкерлермен, іскер серіктестермен, акционерлермен, мүдделі тұлғалармен және уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара тиімді әрекеттестікті қамтамасыз ету.

4. Кодекстің міндеттері: Қор мен қызметкерлер, іскер серіктестер, акционерлер, мүдделі тұлғалар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мүдделерін теңестіруге бағытталған қажетті жағдайлар жасау; Қордың қызметінің тиімділігін арттыруға, жағымды имиджін қалыптастыру мен дамытуға ықпал ету.

4. Іскерлік әдеп кодексінің принциптері

5. Қор қызметінің негізі болып саналатын корпоративтік құндылықтар –

адалдық, сенімділік және Қордың мүдделі тараптарға және оның қызметкерлеріне кәсібилік.

6. Қор келесі іскерлік әдеп қағидаттарын басшылыққа алады:

- адалдық;
- әділеттілік;
- адал ниет;
- ашықтық;
- жауапкершілік;
- құрмет;
- сенім;
- ынтымақтастық.

Аталған құндылықтар Қор қызметкерлерінің әріптестерімен, мемлекеттік қызметкерлерді қоса алғанда, барлық іскер серіктестерімен өзара қарым-қатынасындағы мінез-құлқын анықтайды.

Қор барлық мүдделі тараптардың осы іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауын күтеді.

5. Іскерлік қарым-қатынас этикасының нормалары

Қор:

7. Қор қызметкерлердің денсаулығын қорғауға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдайды. Қор қызметкерлердің кәсіби өсуі мен әлеуметтік әл-ауқатын арттыру үшін жағдай жасайды.

8. Қор ішкі процестердің ашықтығын және қызметкерлер арасындағы сенім атмосферасын орнатуға ұмтылады.

9. Қор іскерлік әдеп қағидаларын бұзу фактілері туралы хабарлаған қызметкерлердің құқықтарын қорғайды, қажет болған жағдайда құпиялылық принципін сақтай отырып. Егер қызметкердің хабары шындыққа сәйкес келмесе және әдейі жалған ақпарат бергені анықталса, бұл Қордың іскерлік әдеп ережелерін бұзу ретінде қарастырылады.

10. Қор қызметкерлердің әлеуметтік іс-шараларға және корпоративтік өмірге белсенді қатысуын құптайды, бұл корпоративтік мәдениетті дамытуға және корпоративтік құндылықтарды енгізуге ықпал етеді.

11. Қор қызметкерлерден мүдделер қақтығысы, әдеп пен мораль нормаларын, іскерлік мінез-құлық ережелерін бұзу фактілері туралы барлық оқиғалар мен мәліметтерді уақтылы және дәл сипаттауды күтеді.

12. Қызметкерлер:

- өз қызметтік міндеттерін адал, кәсіби, тиімді және бейтарап түрде орындайды;
- осы Кодекс қағидаттарының бұзылуын тексеру мәселелерінде көмек көрсетеді;
- ақпараттық қауіпсіздік талаптары мен рәсімдерін сақтайды;
- жұмыс орнында қандай да бір кемсіту немесе қысым көрсетудің, қорлау

немесе орынсыз мінез-құлық фактілерінің кез келген түрін жалпыадамзаттық моральдық-этикалық құндылықтар тұрғысынан жояды;

– Қор ішінде де, сыртқы мекенжайларға жазысқан хаттарда да іскерлік қарым-қатынас ережелерін сақтайды.

13. Жалғыз акционермен қарым-қатынас Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының, Қор Жарғысының және Қордың өзге де ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ашықтық, есеп берушілік және жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

14. Қордың Басқармасы, Директорлар кеңесі және Жалғыз акционер арасындағы ақпарат алмасу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қордың Жарғысымен және ішкі құжаттарымен реттеледі.

15. Қор мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды Қазақстан Республикасының заңнамасының, Қор Жарғысының және ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, тараптардың тәуелсіздігі негізінде, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер тарапынан заңсыз, сыбайлас жемқорлық және өзге де әрекеттерге жол бермеу қағидатын сақтай отырып жүзеге асырады.

16. Қор еншілес ұйымдармен өзара іс-қимылды заңнаманың, Қор Жарғысының, Қордың ішкі құжаттарының, еншілес ұйымдардың жарғыларының, сондай-ақ осы Кодекстің талаптарына сәйкес жүзеге асырады.